

## Бекітілді

"Жетісу" зейнетақылық активтермен  
инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын  
ұйым" АҚ жалғыз акционерімен

(жалғыз акционердің 2012 жылдың 16  
мамырыедағы № 1 шешімі)

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
АЛМАТЫ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

2003 № 05-12  
Тұлға мемлекеттік тіркеуден байта үткізді  
№ 1061-1910-02-РК күнде

Алғашқы тіркеуден күн: 1998 05.03  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА  
произведено государственными перерегистрации  
юридического лица "05-12 2003 г.  
свидетельство № 1061-1910-02-Р0  
дата первичной регистрации «05.03.1998  
БСНРМН 980370000683

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
АЛМАЛЫ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
КҮРҮЛТАЙ КҮЖАТАРЫНА ӘГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫКТЫРУЛАДА ЕНПАЛГЕН

№ 1168  
2012 ж. 18. 06  
БҮЙРЫҚ

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА  
внесены изменения и дополнения  
в учредительные документы

ПРИКАЗ № 1168  
• 18. 06 2012 г.

## "Жетісу" зейнетақылық активтермен инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым" акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

2012 жыл

СМОТРИ  
НА ОБОРОТЕ

Бұл Жарғы жаңа басылымда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай әзірленген, "Жетісу" зейнетақылық активтермен инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын "Жетісу" зейнетақылық активтермен инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым" акционерлік қоғамының (әрі қарай мәтін бойынша «Қоғам») мәртебесін анықтайтын құжат болып табылады және Қоғамның 2007 жылдың «16» мамырында оның акционерлерімен бекітілген (№1/2007 хаттама) жарғысын алмастырады және осы жарғыда Қоғамның акционерлері 2009 жылдың «27» шілдесінде бектен (№2 хаттама) өзгерістер бар.

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Қоғамның атауы

1. Қоғамның толық атауы:
  - 1) қазақ тілінде – "Жетісу" зейнетақылық активтермен инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым" акционерлік қоғамы;
  - 2) орыс тілінде – акционерное общество "Организация, осуществляющая инвестиционное управление пенсионными активами "Жетысу";
  - 3) ағылшын тілінде – "Zhetsu" Pension Assets Investment Management Organization, Joint-Stock Company.
2. Қоғамның қысқартылған атауы:
  - 1) қазақ тілінде:  
"Жетісу" зейнетақылық активтермен инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым" АҚ; немесе  
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ АҚ; немесе  
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ;
  - 2) орыс тілінде:  
АО "Организация, осуществляющая инвестиционное управление пенсионными активами "Жетысу"; немесе  
АО "ООИУПА "Жетысу"; немесе  
ООИУПА "Жетысу".

- 2-бап.** **Қоғамның атқаруышы органының орналасқан жері. Қоғамның корпоративтік веб-сайты. Қоғамның қызмет мерзімі**
1. Қоғамның атқаруышы органының орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 115 а.
  2. Қоғамның корпоративтік веб-сайты бар, ол Қоғам туралы ақпарат беруге және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сай қызметі туралы мәлімет беруге арналған. Қоғамның корпоративтік веб-сайтының мекен-жайы – [www.zhetysu.kz](http://www.zhetysu.kz).
  3. Қоғам қызмет мерзімінің шектеуінсіз құрылған.
- 3-бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі. Қоғамның деректемелері**
1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сай үйімдастырушылық – құқықтық үлгідегі заңды тұлға болып табылады. Қоғамның иелік құқығындағы ерекшеленген мүлікі бар және аталған мүліктермен өз міндеттемелеріне жауапты болып табылады, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емесқұқықтар ала алады, міндетті болуға, арызкер болуға және сотта жауап беруші болуға құқылы.
  2. Қоғам өзінің міндеттемелеріне өзінің мүлкінің шектерінде жауап береді. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемелеріне жауапты емес. Қоғамның акциоері Қоғамның міндеттемелеріне жауапты емес және Қоғамның қызметтеріне қатысты тәуекелге байланысты шығынға өзіне тиесілі Қоғамның акциясы құны көлемінде жауапты (Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен қарастырылған жағдайларда ескермегендे).
  3. Қоғам өзінің қызметі барысында басшылыққа алады:
    - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын;
    - 2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісім-шарттарды;
    - 3) осы Жарғыны;
    - 4) Қоғамды корпоративтік басқару Кодексін және Қоғамның Қоғамның соған өкілеттентенген органдары мен Қоғамның лауазымды тұлғалары қалыптасқан тәртіpte бекіткен басқада ішкі құжаттарын;

- 5) органдардың және өздерінің құзырлары шенберінде қалыптасқан тәртіпте қабылданған Қоғамның лауазымды тұлғаларының шешімдерін.
4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында қалыптастырылған тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының территориясында да, одан тыс жерлерде де өзінің филиалдарын, өкілдіктерін және басқа да құрылымдық бөлімшелерін аша алады.
5. Қоғамның мөрі бар, онда Қоғамның қазақ және орыс тілдеріндегі атауы көрсетілген, мөртаңбасы және атауы көрсетілген бланктары бар.  
Қоғамның өзіндік тауарлық белгісі бар (қызмет көрсету белгісі) және таңбалық белгісі бар, олардың үлгілері қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіп бойынша бекітіледі.
6. Қоғам акциялардан басқа бағалы қағаздар шығаруға құқылы емес.

#### 4-бап. Қоғамның мақсаттары және қызмет түрлері

1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты Қоғамның акционерлерінің мүддесіне орай осы баптың 3-тармағында көрсетілген қызметті аса жоғары сапалы, рационалды, негізді және аса сақ атқару арқылы таза табыс алу.
2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мақсатынан басқа мақсаттарды Қоғамның органдары өз құзіреттері шенберінде анықтайды.
3. Қоғам мынадай түрдегі қызметтерді атқарады:
  - 1) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызмет және Қоғамның инвестиациялық басқаруына Қазақстан Республикасының заңнамасы рұқсат беретін басқа да активтерді инвестициялық басқару;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Қоғамның дербес активтерін инвестиациялау бойынша қызмет;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасы Қоғамның атқаруына шектеу қоймайтын басқа да қызмет түрлері.
4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сай лицензиялауға жататын қызмет түрлерін қоғам тиісті лицензиялар негізінде жәге сондай лицензиялар бойынша атқарады.

## 2-тaraу. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕРІ

### 5-бап. Қоғамның акциялары

1. Қоғамның жарияланған акциялары және акция түрлері бойынша олардың саны оны акционерлерінің жалпы отырысының шешімімен (шешімдерімен) анықталады және Қоғамның акция шығару проспектінде бекітіледі, ол Қоғамның акционерлерінің жалпы отырысының Қоғамның жарияланған акцияларының мемлекеттік тіркелуі мәселесі бойынша өткізілетін отырысының шешіміне сай Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сай құрастырылуы тиіс.
2. Қоғам "алтын акция" шығармайды.
3. Қоғам оның акцияларына конвертацияланатын бағалы қағаздар шығармайды.
4. Қоғам өзінің акцияларын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында сауданы ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сай орналастырады, сонымен қатар бағалы қағаздар нарығының ұйымдастырылмаған саудасына жазылу немесе аукцион жасау арқылы орналастыра алады.  
Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру бойынша аукцион өткізу дің және оған жазылу жүргізу дің шарттары мен тәртібі оның ішкі құжатымен бекітіледі, оны Қоғамның директорлар Кеңесі бекітеді.
5. Қоғамның акцияларына қатысты басқа сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай шешілуі тиіс.

### 6-бап. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер

1. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер жылына бір реет, өткен қаржылық жылдың қорытындылары бойынша төленеді.

Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер өткен қаржылық жылдан басқа кезеңдерде болса есептелмейді және төленбейді.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеу және төлеу тек қана Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналышының тиісті шешімімен ғана жүзеге асырылады, шешімде аталған дивидендтерді төлеу мерзімдері мен тәртіптері көрсетілуі керек.

Қоғамның жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық жалпы жиналышы қабылдайды.

2. Қоғамның бір ерекшеленген акциясы бойынша кепілді дивиденд мөлшері, сонымен қатар Қоғамның ерекшеленген акциялары бойынша дивидент төлеу тәртіптері мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сай анықталады.
3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерге қатысты басқа сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай шешілуі керек.

7-бап.

#### **Қоғамның акционерлерінің міндеттері мен құқықтары**

1. Қоғамның акционерлері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында қарастырылған құқықтарға ие және соған қоса:
  - 1) Қоғамның акционерлері Қоғамның қызметі туралы толық ақпарат алады, соның ішінде Қоғамның қаржылық есес-қисабымен танысады, осы Жарғыда қарастырылған тәртіп бойынша;
  - 2) Қоғамның акционерлеріне Қоғамның жарияланған орналастырылған акцияларын сатып алуға қатысты басым құқықтарын жүзеге асыру туралы ұсыныс осы Жарғының 15-бабында қарастырылған тәртіп бойынша жасалады;
  - 3) Қоғамның ерекшеленген акцияларымен куәландырылатын қосымша құқықтардың көлемі Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңымен және осы Жарғының 5 және 6-баптармен анықталады.
5. Қоғамның акционерлері өздерінің Қоғам акционері ретіндегі мәртебелеріне қатысты жауапкершіліктерді Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңына сай мойындарына алады.

### **3-тарау. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ**

8-бап.

#### **Қоғамның органдары**

1. Қоғамның органдары болып табылады:
  - 1) жоғарғы орган – Қоғам акционерлерінің жалпы отырысы (Қоғамның жалғыз акционері);
  - 2) басқару органы – Қоғамның директорлар Кеңесі;
  - 3) алқалық атқарушы орган – Қоғамның Басқармасы.
2. Қоғамның осы баптың 1-тармағында қарастырылғандардан басқа органдары Қазақстан Республикасының заңнамасының орындалуын қамтамасыз еу мақсатында құрылады және құруды директорлар Кеңесінің шешімі немесе Қоғамның Басқармасының өз құзіретіне сай қабылдайтын шешімі жүзеге

асырады. Қоғамның мұндай органдарының жұмыс тәртібі және қалыптастырылуы, сондай-ақ олардың құзіреттіліктері Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

3. Қоғамда міндетті түрде ішкі аудит қызметі құрылады.

9-бап.

#### Қоғам акционерлерінің жалпы отырысы

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышының айрықша құзыretіне мына мәселелер жатқызылады:
  - 1) Қоғам жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
  - 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
  - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
  - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру туралы шешім қабылдау немесе орналастырылмаган жарияланған акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 5) Қоғамның орналастырылған бір түрлі акцияларының сол Қоғамның басқа түрлі акцияларына айырбасталуы туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттары мен тәртіпперін анықтау;
  - 6) Қоғамның есептік комиссиясының сандық құрамын және құзіретінің мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау және олардың құзіреттірін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 7) Қоғамның есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
  - 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
  - 9) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін бекіту;
  - 10) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
  - 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдай орын алғанда Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

- 12) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
  - 13) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуга туралы, сондай-ақ Қоғамның басқа заңды тұлғалардың қатысушысы (акционері) құрамынан аталған жолмен шығуға туралы шешім қабылдау;
  - 14) Қоғамның (осы баптың З-тармағына сай) акционерлердің жалпы жиналышының шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
  - 15) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу өдіstemесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналышы бекітпесе, өдіstemені бекіту);
  - 16) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;
  - 17) Акционерлерге қоғам қызметі (осы баптың З-тармағына сай) туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
  - 18) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасында немесе осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
2. Осы баптың 1-тармағының 1)-3) және 15- тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен, ал инвестициялық жекешелендіру қорын қайта құру нәтижесінде құрылған қоғамда - қоғамның жиналышта өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының айқын басым көпшілігімен қабылданады.
- Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- Егер басқа жағдайлар Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар» туралы заңымен қарастырылмаған болса Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналасының осы баптың бірінші және екінші қызыл жолдарында қарастырылған

мәселелерден басқа мәселелер бойынша шешім қабылдауы Қоғамның жалпы дауыс беретін акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

3. Қоғам акционерлерінің осы баптың 1-\*тармағының 14) және 17) тармақшаларында қарастырылған мәселелер бойынша шешім қабылдауы осы Жарғының 15-бабына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау жолымен жүзеге асырылады.
4. Қоғамның акционерлерінің жалпы отырысы Қоғамның кез келген басқа органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты кез келген шешімін жоя алады.
5. Қоғам акционерлерінің жалпы отырыстары Қазақстан Республикасының Акционерлік қоғамдар туралы заңына, осы Жарғыға, Қоғамның отырыс шақыртуға, дайындауға және Қоғам акционерлерінің жалпы отырысын өткізуге қатысты ішкі құжаттарына сай дайындалады, шақыртылады және өткізіледі, соған қоса:
  - 1) Қоғамның акционерлеріне оның акционерлерінің отырысының болатындығы туралы хабарлама осы Жарғының 15 – бабына сай жасалады;
  - 2) егер басқа жағдай Қоғамның акционерлерінің жалпы отырысының шешімімен қарастырылмаған болса, оның отырыстарында шақыртусыз басқа тұлғалар бол алады, Қоғамның акционерлерінен басқа (Қоғам акционерлерінің тәрағалары), Қоғам Басқармасының мүшелері, Қоғамның жұмыскерлері, Қоғам акционерлерінің жалпы отырыстарын өткізуді ұйымдастыру үшін қажетті және отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түсінік жасауға қажетті тұлғалар, құзіретті органдардың өкілдері<sup>1</sup>; мұндай тұлғалардың сөз сөйлеу құқытарты Қоғам акционерлерінің жалпы отырысының шешімімен анықталады;
  - 3) Қоғамның акционерлеріне Қоғам акционерлерінің отырысындағы дауыс беру нәтижелері туралы осы Жарғының 15-бабында қарастырылған тәртіп бойынша мәлімдеме жасалады.

\* 0-бап. Қоғамның директорлар кеңесі

1. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында және қоғамның жарғысында өзгеше белгіленбесе, мынадай мәселелер директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

Сөз жерде және әрі қарай мәтін бойынша құзіретті орган ретінде Қазақстан Республикасының «Есکілік нарықты және қаржылық үйымдарды бақылау мен реттеу бойынша жұмыс істейтін мемлекеттік органды танылады.

- 1) Қоғам қызметтің басым бағыттарын белгілеу және даму стратегиясын анықтау (Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде қарастырылған тәртіп бойынша – Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) Қоғам акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы (сатуы) және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау, бағаларын мен құнын анықтау;
- 4) Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу және акцияны сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық есеп-қисабын алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына қатысты дивидент мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдау;
- 7) Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы алдын ала шешім қабылдау, сондай-ақ Қоғамның ерекшеленген акциялары бойынша дивидендтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдай орын алғанда төлемеу туралы алдын ала шешім қабылдау;
- 8) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 9) Директорлар Кеңесінің комитеттерін құру туралы шешімдер қабылдау, директорлар Кеңесі комитеттері туралы ереже (ережелер) бекіту;
- 10) Қоғамның атқарушы органдың сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органдың функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 11) Қоғамның атқарушы органдың басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органдың функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға енбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 12) Қоғамның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен

бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

- 13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау; аудиторлық үйімның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау
- 14) Қоғамның аудиторлық үйімінің қызмет ақысының мөлшерін анықтау, сондай-ақ Қоғам жасайтын (жасаған) ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық бағасын анықтайтын бағалаушының ақысының мөлшерін анықтау;
- 15) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін үйімдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қюо шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 17) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау; акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға (осы Жарғының 9-бабының 1-тармағының 13-тармақшасында қарастырылған жағдайды ескермегендеге) акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 18) жалпы отырыстың құзіретін жататын сұрақтар бойынша заңды тұлғаның акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Қоғамға заңды тұлғаның акциясының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он немесе одан да көп пайызға тең бөлігі жататын акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы отырысында Қоғам өкілінің дауыс беруінің тәртібі туралы) бойынша шешім қабылдау;
- 19) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

- 20) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
  - 21) ірі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
  - 22) Директорлар Кеңесі тәрағасын сайлау және ол болмаған кезде директорлар Кеңесінің тәрағасын алмастыруға құқылы тұлғаларды сайлау;
  - 23) Директорлар Кеңесінің регламентін бекіту, сонымен қатар аталған регламентке енгізілетін өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
  - 24) Қоғамның жылдық негізгі жұмыстарының жоспарын және кірістер мен шығыстар сметасын (бюджетін), олардың орындалуын бекіту;
  - 25) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сай және/немесе осы Жарғыға сай директорлар Кеңесінің ерекше құзырына атқызылған мәселелер.
2. Директорлар Кеңесіосы баптың 1-тармағында қарастырылған жағдайлардан басқа мәселелерді қарастыруға құқылы, оның қарауына берілген Қоғамның қызметі туралы мәселелерді талдауға, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы (Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қоғамның акционерлерінің, Қоғамның Басқармасының және Қоғамның Басқармасының Тәрағасының құзырына жатқылыған мәселелерді санамағанда).
  3. Қоғамның ішкі құжаттарының тізімі (анықтау критерилері)- оны Басқарма Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдауы мүмкін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай бекітіледі (құжаттар бекітіледі), ал Қазақстан Республикасының заңнамасы мұндай тізімді анықтамайтын болса (мұндай критерийлерді) директорлар Кеңесі анықтайды.
  4. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан км болмауы керек, соның ішінде тәуелсіз директор да бар (саны Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сай болуы шарт).
  5. Директорлар Кеңесінің құрамына сайлауға ұсынылған (таңдалған) жеке тұлға Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңының өкілетті органның лицензиялық рұқсаты негізінде бағалы қағаздар нарығында қызмет ететін заңды тұлғалардың жетекшілік етуші қызметкерлеріне қоятын талаптарына сай болуы керек.
  6. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз бірнеше реет қайта сайланған алады.

7. Директорлар Кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жүзеге асырылады, сонымен бірге:

- 1) Директорлар Кеңесінің тәрағасы және егер ол болмаған жағдайда директорлар Кеңесінің тәрағасын алмастыруға құқылы тұлғалар директорлар Кеңесінің мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру амалымен, директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы дауыс берушілерінің көпшілігімен сайланады, ал Директорлар Кеңесі кез келген уақытта директорлар Кеңесінің тәрағасын немесе ол болмаған кезде оның алмастырушысы болуға құқылы тұлғаларда қайта сайлауға құқылы;
- 2) директорлар Кеңесінің отырысы кемінде тоқсанына бір реет өткізілуі керек;
- 3) директорлар Кеңесінің өткізілуі туралы жазбаша хабарлама, аталған жиналыстың өткізілетін күн, уақыты мен орны көрсетіледі, оның күнтөртібінде талқыланатын мәселелер, осы отырыстың күн тәртібіне қатысты материалдардың қосымшасымен директорлар Кеңесінің мүшелеріне осындай отырыс өткізуге кемінде үш күн қалғанда жеткізілуі керек, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен директорлар Кеңесінің отырысын өткізуіндің басқа мерзімдері белгіленетін жағдайларды санамағанда және директорлар Кеңесінің отрысының өткізілуі туралы хабарламаны жеткізу мерзімі қысқа, үш күннен кем болатын жедел қарастыруды талап ететін жағдайларды санамағанда; ал жедел қарастыруды қажет ететін жағдайларды анықтауды директорлар Кеңесінің тәрағасы, Қоғамның Басқармасы немесе директорлар Кеңесінің мүшелері анықтайды – директорлар Кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі болуы тиіс;
- 4) Директорлар Кеңесі өзінің қарауына берілген мәселелерді талдауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер директорлар Кеңесінің отырысында (директорлар Кеңесі сырттай дауыс бергенде) директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем емес бөлігі болса (соның ішінде қатты дауысты бейне немесе телефон арқылы байланысу жолымен) шешілген болса, Қазақстан Республикасының заңнамаларымен немесе Қоғамның ішкі құжатымен директорлар Кеңесінің отырысындағы кворумға немесе оның мүшелерінің сырттай дауыс беруіне ерекше талаптар қойылатын жағдайларды ескермегенде;
- 5) директорлар Кеңесінің отырысын отырыстың Терағасы жүргізеді – директорлар Кеңесінің тәрағасы немесе ол болмаған жағдайда директорлар кеңесінің тәрағасын алмастыруға құқылы тұлғамен, ал аталған тұлғалар болмайтын болса осы мақсат үшін сайланған кез келген

директорлар кеңесі сайлайтын тұлға немесе директорлар  
Кеңесінің мүшесі;

- 6) Директорлар Кеңесінің отырысы барысында оның шешімдері директорлар Кеңесінің отырысқа қатысып отырған мүшелерінің қарапайым көпшілігінң дауысымен қабылданады соның ішінде қатты дауысты бейне немесе телефон арқылы байланысу жолымен), егер олардың аталған шешімдерді қабылдауға Қазақстан Республикасының заңнамасына сай құқытарты болса; егер дауыстар тең болса отырыстың тәрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады, осыған байланысты отырыстың тәрағасы өзінің бюллетенін жасырын дауыс беру үшін толтырады (директорлар Кеңесінің мүшелері қабылдайтын шешімге жасырын дауыс беретін болса);
- 7) директорлар Кеңесін өткізу барысында оның шешімдері ашиқ дауыс беру арқылы қабылданады, директорлар Кеңесінің үйгарымымен басқа жағдайлар қарастырылатын кездерді санамағанда, және отырыстың тәрағасы немесе осы отырысқа қатысып отырған директорлар Кеңесінің кемінде екі мүшесі жасырын дауыс беруді талап ететін жағдайларды санамағанда;
- 8) директорлар Кеңесінің отырысын өткізу барысында директорлар Кеңесінің қалып қойған мүшелерін олардың өкілдермін алмастыруға болмайды, соның ішінде директорлар Кеңесі мүшелерінің басқа тұлғаларымен алмастыруға болмайды.

Директорлар Кеңесінің мүшесі Қоғамның корпоративтік хатшысына немесе Қоғамның корпоративтік хатшысының өкілетіне ие тұлғага директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы хабарлама жасауға міндettі.

9. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады, ол кезде:

- 1) сырттай дауыс беруге директорлар Кеңесінің нақты талдауын талап етпейтін сұрақтарға шығарылады немесе (директорлар Кеңесінің алдын алау саулнамасы бойынша) директорлар Кеңесі мүшелерінің дауыс берулерінің тек бір жақты болуын талап етпейтін сұрақтар шығарылады, сондай-ақ сырттай дауыс беруге директорлар Кеңесінің жедел шешім қабылдауын талап ететін жедел сипаттағы сұрақтар шығарылады;
- 2) сырттай дауыс беру туралы мәлімдемелер және осындай даус беруге арналған бюллетендер директорлар Кеңесінің мүшелеріне нақты әдіспен, факсимильдік байланыс арқылы немесе электрондық пошта арқылы жеткізіледі; ал бюллетенде сырттай дауыс беруге арналған болса Қоғам қолтаңба қойылған бюллетендерді алатын уақытқа дейін

сырттай дауыс беру барысында толтырылған бюллетендерге уақыт жазылады, бюллетен деректерін директорлар Кеңесінің дауыстарын санау барысында есептеу үшін;

- 3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген сырттай дауыс беру уақыты болғанға дейін директорлар Кеңесінің кез келген мүшесі дауыс беру нысаны бойынша қарсылық білдіруге құқылы; мұндай жағдайда директорлар Кеңесінің тәрағасы немесе Қоғамның Басқармасы директорлар Кеңесінің отырысын қалыптастыруға (шақыртуға) міндетті;
- 4) директорлар Кеңесінің мүшелерінің қолтаңбалары қойылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетендер Қоғамға нақты түрде, факсимильдік байланыспен, электрондық поштамен немесе Қоғамның корпоративтік веб-сайтының арнайы парагымен, электрондық сандық қолтаңбаны қолдану арқылы беріледі;
- 5) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерінен алынған бюллетендері сырттай дауыс беруге арналған болса жарамсыз деп саналады, егер ол бюллетенге директорлар Кеңесінің тиісті мүшесі қолтаңба қоймаған болса және/немесе директорлар Кеңесінің тиісті мүшесі сол бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібін сақтамаса, және/немесе директорлар Кеңесінің тиісті мүшесі сол бюллетенде дауыс берудің мүмкін бір нұсқасынан артық нұсқа таңдаған болса;
- 6) сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерде қалыптастырылған шешім қабыданған болып саналады, егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде көрсетілген уақытқа дейін осы тармақтың 2) тармақшасына сай аталған шешім үшін директорлар кеңесінің мүшелерінің көвшіліг дауыс Берген болса; дауыстар тең болса директорлар Кеңесінің тәрағасының дауыс шешуші болып табылады;
- 7) осы тармақтың 2) тармақшасына сай сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде көрсетілген уақыт орын алғанға дейін директорлар Кеңесі мүшелерінің дауыс беруі туралы қорытынды жасалады, оған директорлар Кеңесінің тәрағасы қолтаңба қояды (егер ол болмаған жағдайда –оны алмастырушы тұлға), сондай-ақ оған Қоғамның корпоративтік хатшысы (ол болмаған жағдайда –Қоғамның корпоративтік хатшысын алмастыруға құқылы кез келген тұлға) немесе (егер Қоғамның корпоративтік хатшысы, Қоғамның корпоративтік хатшысын алмастыратын тұлға сыйланбаған болса немесе болмаса) Қоғамның Басқарма Тәрағасы болмаса оны алмастырушы тұлға қолтаңба қояды;

- 8) Қоғам директорлар Кеңесі мүшелеріне Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында бекітілген тәртіп бойынша және мерзім ішінде сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хабарлама жасайды.
10. Егер директорлар Кеңесінің мүшесі директорлар Кеңесінің қабыдаған шешімімен келспейтін болса, ол өзінің ерекше пікірінің директорлар Кеңесі отырысының тиісті хаттамасына қосылуын талап етуге құқылты (директорлар Кеңесінің сырттай дауыс берунің қорытындысы бойынша). Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі оның өзімен жазбаша да мазмұндалуы мүмкін; мұндай жағдайда құжат директорлар Кеңесінің отырысына жасалатын хаттамаға міндетті қосымша болып танылады (директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беру туралы шешіміне қосымша).

• 1-бап.

#### **Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері мен комиссиясы (жұмыс топтары)**

1. Негұрлым маңызды мәселелерді қарастыру мақсатында және Қоғамның директорлар Кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның директорлар Кеңесі кеңестік- отырыстық органдар құрады –Қоғамның директорлар Кеңесінің комитеттері.  
Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастыру тәртібі және олардың жұмыс тәртіптемелері, сонымен қатар олардың сандық құрамы мен құзырлары Қоғамның ішкі құжатымен қалыптастырылады, оны директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасын басшылыққа ала отырып бекітеді.
2. Қоғамның директорлар Кеңесі Қоғамның директорлар Кеңесінің қарауына жататын қандай да бір мәселелерді талдау үшін уақытша және тұрақты комиссиялар (жұмыс топтарын) құруға құқылты.  
Атапған комиссиялардың (жұмыс топтарының) жұмыс тәртіпперін Қоғамның директорлар кеңесі анықтайды.

12-бап.

#### **Қоғамның басқармасы**

1. Қоғамдың ағымдық қызметіне оның Басқармасы жеткішлік етеді (әрі қарай осы балта –Басқарма), оның құрамына Басқарма тәрағасы, оның орынбасарлары, сонымен қатар директорлар Кеңесінің шешімі бойынша басқа да тұлғалар кіреді.

Басқарма Қоғамның қызметіне қатысты кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қоғам акционерлерінің, Қоғамның директорлар Кеңесінің және Қоғамның Басқарма Төрағасының ерекше құзырына жатқызылмаған болса.

Сонымен қатар Басқарма Қоғамның ішкі құжаттарының құзырына жатқызылатын мәселелер бойынша шешім қабылдай алады.

Басқарма Қоғамның акционерлерінің жалпы отырысының шешімін орындайды және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдерін жүзеге асырады.

2. Басқарма мүшелері саны үш адамнан кем болмауы тиіс.  
Қоғамның директорлар Кеңесімен анықталатын Басқарманың құзіретінің мерзімі үш жылдан кем бола алмайды.
3. Басқарма құрамына сайлануға ұсынылған (тандалған) жеке тұлға Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында өкілетті орган беретін лицензия негізінде жұмыс жасайтын занды тұлғаның жетекшілік етуші қызметкеріне қоятын талаптырна сай болуы керек.
4. Басқарма құрамына сайланған тұлғалар бірнеше мәрте шектеусіз қайта сайланғанда алады.
5. Басқарманың отырысы қажеттілік туындағанда өткізіледі.

Басқарманың отырысы Басқарма Төрағасының бастауымен шақыртылуы мүмкін, оны алмастыратын Басқарма мүшесінің немесе Басқарманың екі немесе одан да көп мүшесінің талабымен шақыртылуы мүмкін.

Басқарманың отырысын Басқарманың Төрағасы немесе оны алмастыруши тұлға жүргізеді.

6. Басқарманың әр мүшесі бір дауысқа ие.  
Басқарма өзінің қарауына шығарылған мәселелерді талдауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер Басқарманың отырысында оның мүшелерінің кемінде жартысы болса.

Басқарманың шешімдері Басқарма мүшелерінің дауыстарының қарапайым көпшілігі бойынша қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға беруіне немесе Басқарманың басқамүшесіне беруіне тыйм салынған.

7. Басқарманың шешімдері олардың отырыстарының хаттамасы ретінде ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қолтаңба қояды, талдауға салынған барлық

мәселе және олар бойынша қабылданған шешімдер мазмұндалады, дауыс беру қорытындысы жазылады, Басқарманың әр мүшесінің талқыланған мәселелердің әрқайсысы бойынша Берген дауысы көрсетіледі.

8. Егер Басқарма Төрағасы қандай да бір себептерге байланысты болмаса, өзінің құқытары мен міндеттерін жүзеге асыра алмаса оны Басқарманың мүшесі атқарады, атқарушы мүшеге Басқарма Төрағасы бұйрық негізінде өз міндеттерін атқаруды жүктейді, болмаса Басқарма бекітетін алмастыру сұлбасына сай тиісті тұлға атқарады, болмаса Қоғамның директорлар Кеңесі бекітетін тұлға атқарады (аталған бұйрық болмаса немесе аталған сұлбаға сай тиісті міндеттер мен жауапкершіліктер жүктелетін тұлғаны, Басқарманың осындай мүшесін анықтау мүмкін болмаса).

Егер Басқарманың кез келген мүшесі болмаса немесе басқа да себептерге байланысты өзінің міндеттерін орындаі алмаса оларды Басқарманың бекіткен алмастыру сұлбасына сай басқа мүше орындаиды.

9. Негұрлым маңызды мәселелерді қарастыру мақсатында және Басқарманың талдауына ұсынылған сұрақтар бойынша шешім қабылдау мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптырының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Басқарма Қоғамның қызметтерінің түрлі аспектілері бойынша Басқармаға бағынатын және есеп беретін комитеттер құрады.

Аталған комитеттердің құрылу тәртібі және жұмыс тәртіптемес, олардың сандық құрамы мен құзіреттері Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады, оларды Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылаққа ала отырып бекітеді.

### 13-бап. Қоғамның Басқарма мүшелері және Төрағасы

1. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның Басқармасына ағымдық жетекшілік етеді және Қоғамның акционерлерінің және Қоғамның директорлар Кеңесінің жалпы отырыстарының шешімдерінің орындалуына жаупты болып табылады.
2. Қоғамның Басқармасының Төрағасы:
  - 1) Қоғамның акционерлерінің және Қоғамның директорлар Кеңесінің жалпы отырыстарының шешімдерінің орындалуын үйимдастырады;
  - 2) Ұшінші тұлғаларға қатысты Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
  - 3) Қоғамды үшінші тұлғалар үшін ұсыну үшін тиісті тұлғаларға сенімхаттар береді;

- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген жағдайларды және осы Жарғыда қарастырылған жағдайларды ескермегенде Қоғамның жұмыскерлерінің қабылдануын, ауыстырылуын және жұмыстан босатылуын жүзеге асырады, оларға қатысты мадақтық шаралар қолданады және тәртіптік жауапкершілікке тартады, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық ақыларын анықтайды және дербес қосымша төлемдер мөлшерін тағайындайды – Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес, Қоғам жұмыскеріне берілетін сыйақы мөлшерін анықтайды;
  - 5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Қоғам Басқармасының бір мүшесіне жүктейді;
  - 6) міндеттемелерді таратады, сонымен қатар құзыреттілік салаларын ажыратады және Қоғам Басқармасының мүшелерінің арасындағы жауапкешілікті үlestіреді;
  - 7) Қоғамның мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сай жұмсайды;
  - 8) Қоғамның ішкі құжаттарымен оның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдайды;
  - 9) Қоғамның акционерлерінің және Қоғамның директорлар Кеңесінің жалпы отырыстарының шешімдерімен анықталатын басқа да қызметтерді жүзеге асырады.
3. Қоғам Басқармасыны мүшелері Қоғамның Басқарма Төрағасының бекіткен міндеттемелерді, жауапкершілікті және құзіреттілікті бөлу сұлбасына сай әрекет етеді.

**14-бап. Қоғамның ішкі аудит қызметі**

1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін, ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

Қоғамның ішкі аудит қызметі осы Жарғының 10-бабының 1-тармағының 14) тармақшасында қарастырылған тәртіп бойынша құрылады; соған қоса Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысы және қызметкері оның басқа бөлімшелеріне басшылық етуге немесе олардың қызметтерін үйлестіруге құқылы емес, сонымен қатар Қоғамның басқаоргандарына мүше болып сайлана алмайды (таңдалмайды).

2. Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерінің саны кемінде екі Адам болуы тиіс, соның ішінде жетекшісі де бар.

Қоғамның ішкі аудит қызметінің құздарданған мерзімі Қоғамның директорлар Кеңесімен анықталады және үш жылдан кем бола алмайды.

3. Қоғамның ішкі аудит қызметі өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамаларына, Қоғамның ішкі құжаттарына және Қоғамның директорлар Кеңесінің ішкі аудитті үйімдастыруға қатысты қабылдаған шешімдеріне (соның ішінде Ішкі аудит қызметі туралы ереже де бар, Қоғамның директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамаларының нормасына сүйене отырып бекітеді), Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сай жүзеге асырады.

**4-тaraу. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРATTЫ АШУЫ.  
ҚОҒАМНЫҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ**

**15-бап. Қоғамның акционерлеріне ол туралы ақапарат беру**

1. Қоғамның өзінің қызметі мен өзі туралы ақпараттарды жариялауға қолданатын бұқаралық ақпарат құралы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес Қоғамның корпоративтік веб-сайты ([www.zhetysu.kz](http://www.zhetysu.kz)) болып табылады.

Қоғамның аталған бұқаралық ақпаратты қолдану тәртібі осы баптың 2–6 тармақтарында келтірілген.

2. Қоғамның акционерлерінің жалпы отырысын өткізу туралы хабарландыру Қоғамның корпоративтік веб-сайтында Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мерзімде жарияланады.

Сонымен қатар, аталған жарияланымға толықтыру ретінде Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мерзім ішінде Қоғамның акционерлерінің

жалпы отырысының болатындығы туралы Қоғамның барлық акционерлеріне хабарлама жасайды (егер Қоғамның акционерлерінің саны елуден аспайтын болса) немесе Қоғамның ірі акционерлеріне хабарлама жасайды (егер Қоғамның ірі акционерлерінің саны елуден аспайтын болса), соның ішінде Қоғамның акционерлерімен бірлесе әрекет ететін Қоғамның миноритарлық акционерлері де бар, хабарлама жасау оларға Қоғамның атынан унификацияланған жеке хаттарды жолдау арқылы жүзеге асырылады.

3. Қоғам акционерлерінің жалпы отырысындағы дауыс беру қорытындысы сол отырыста жарияланады.

Қоғамның акционерлерінің жлпы отырысының қорытындылары немесе Қоғамның акционерлерінің сырттай дауыс беруінің қорытындылары Қоғамның акционерлеріне осындай қорытындыларды (нәтижелерді) Қоғамның корпоративтік (ресми) веб-сайтында Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мерзімде жариялау арқылы жеткізіледі.

Сонымен қатар, аталған жариялынға толықтыру ретінде Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген уақыт ішінде Қоғамның акционерлерінің жалпы отырысында дауыс беру қорытындысы туралы мәлімдеме жасайды немесе Қоғамның барлық акционерлеріне сырттай даучс беру қорытындысын жеткізеді (егер Қоғамның акционерлерінің саны елдуен аспаса), соның ішінде Қоғамның акционерлерімен бірлесе әрекет ететін Қоғамның миноритарлық акционерлері де бар, хабарлама жасау оларға Қоғамның атынан унификацияланған жеке хаттарды жолдау арқылы жүзеге асырылады.

4. Қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабы корпоративтік веб-сайтта жарияланады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай басқа да веб-сайттарда жарияланады.

Қоғамның жылдық қаржылық есеп-қисабынан басқа оның қызметі туралы басқа да ақпараттарды Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сай бұқаралық ақпараттық құралдарда жариялау қажет болса өзінің корпоративтік веб-сайтында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай басқа да веб-сайттарда жариялайды.

5. Қоғамның осы баптың 2-4 баптарда қарастырылғаннан басқа ақпараттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Қоғамның акционерлерінің назарына Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жарияланады, сонымен қоса Қоғам акционерлерінің жалпы отырыстарын дайындау барысында (Қоғамның акционерлерінің жалпы отырыстарының күн тәртібінде талданатын мәселе ретінде) хабарланады.

Сонымен қатар, аталған жарияланымға толықтыру ретінде Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мерзім ішінде Қоғамның акционерлерінің жалпы отырысының болатындығы туралы Қоғамның барлық акционерлеріне хабарлама жасайды (егер Қоғамның акционерлерінің саны елуден аспайтын болса) немесе Қоғамның ірі акционерлеріне хабарлама жасайды (егер Қоғамның ірі акционерлерінің саны елуден аспайтын болса), соның ішінде Қоғамның акционерлерімен бірлесе өрекет ететін Қоғамның миноритарлық акционерлері де бар, хабарлама жасау оларға Қоғамның атынан унификацияланған жеке хаттарды жолдау арқылы жүзеге асырылады.

6. Қоғамның корпоративтік веб-сайтында осы баптың 2–5 тармақтарына сай жарияланатын ақпарат сол сайтың қолдаушылары үшін ол жарияланған күннен бастап кемінде үш жыл бойы рұқсатталған болуы шарт.
7. Егер Қазақстан Республикасының Акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес кез келген ақпарат Қоғамның акционерлерінің мүддесіне нұқсан келтіретін болса, Қоғамның акционерлерінің жалпы отырысында хабарланған болса, онда мұндай ақпаратты жариялаудың қажеттіліг жоқ.
8. Егер Қоғамның бағалы қағаздары қандай да бір қор биржасының тізіміне (ресми тізіміне) қосылған болса, онда Қоғам қосымша түрде сол қор биржасының талаптарына сай өзі және қызметі туралы ақпарат береді.

16-бап.

#### Қоғам акционерлерінің өтініштері мен талаптары

1. Өзінің акционерінің өтініші бойынша Қоғам акционерге өзінің мүддесіне қатысты ақпаратты ұсынады, ал өзінің Акционерінің талабы бойынша Қоғам оның қызметіне қатысты құжаттардың көшірмелерін береді (мұндай ақпараттар мен құжаттар Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы заңына» сай танылады); соған қоса:
  - 1) бұл өтініш (талап) жазбаша түрде ресімделуі керек және Қоғам басқармасының орналасқан жеріне женелтілуі тиіс;
  - 2) Қоғам аталған өтінішке (талапқа) қажетті ақпараттардың көшірмелерін қосымшалай отырып жауап беруге міндетті (қажетті құжаттар көшірмесін береді) – аталған өтініш (талап) алынғаннан бастап отыз күн ішінде (осы тармақтың 3) және 4) тармақашаларында және осы баптың 3-тармағында қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып);
  - 3) егер аталған өтініш (талап) Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы болатын болса, қызметтік немесе коммерциялық құпия болса немесе заңмен қорғалатын

басқа да ақпарат болса Қоғам ондай ақпаратты аталған өтінішке (талапқа) жауаптың құрамында Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған және рұқсатталған көлемде ғана Бере алады;

- 4) Қоғам өзінің осындай өтінішпен (талаппен) сұрау жасаған акционерінен оған сұралған құжаттарды жеткізуүшін жұмсалатын шығынның орнын толтыруды талап етуге құқылы – Қоғамның аталған көшірмелерді дайындауға және оларды сұраушыға жеткізуге жұмсаған шығынның жабу мақсатында.
2. Қоғам өзінің акционерінің өтінішіне (талабына) сол өтініш (талап) жазылған тілді жауап береді, егер ол тіл қазақ, орыс немесе ағылшын тілі болса, басқа жағдайларда Қоғам аталған өтінішке (талапқа) жауапты орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде береді.
3. Көшірмелерін қоғам өзінің акционерлерінің өтініштері (талаптары) бойынша беретін құжаттардың мазмұндары аталған құжаттардың түпнұсқаларының тілінен басқа тілдерге Қоғамның таңдауы бойынша соның шарттарында аударылады.

**17-бап. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары және оларды есепке алу.**

1. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларын олар беретін мәліметтер негізінде есепке алады.
2. Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын тұлға Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы заңына" сай болса, осындай аффилиирлену пайда болған уақыттан бастап жеті күн ішінде Қоғамға өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты беруге міндетті, содан кейінгі жеті күн ішінде барлық аффилиирленген тұлғалар құрамы қысқарғаннан бастап немесе толықаннан бастап өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы Қоғамға сондай өзгерістер туралы мәлімдеме жасауға міндетті.

**5-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЖЕЛЕР**

**18-бап. Қоғамды қайта құру немесе тарату**

1. Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату оның акционерлерінің шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады.
2. Қоғамды мәжбүрлі түрде қайта құру немесе тарату соттың шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады.

3. Қоғам қайта құрылған болып саналады – жаңа пайда болған заңды тұлға тіркелген уақыттан бастап, оның бірігу арқылы қайта құрылуын санамағанда.
4. Қоғам таратылатын кезде оның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудан кейін қалған мүлкі Қазақстан Республикасының акционерлік қорғамдар туралы заңнамасына сай бөлінеді.

**19-бап. Осы Жарғыны қолдану ерекшеліктері**

1. Реттеу амалдары осы Жарғыда, Қоғамның корпоративтік басқару Кодексінде Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында, Қоғамның лауазымды тұлғаларының шешімдерінде қарастырылмаған сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай шешіледі.
2. Қоғам өзінің қызметі барысында осы Жарғы бекітілгеннен кейін шыққан Қазақстан Республикасының заңнамаларының нормаларын басшылыққа алуға міндетті, аталған нормалардың осы Жарғыда, Қоғамның корпоративтік басқару Кодексінде Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында, Қоғамның лауазымды тұлғаларының шешімдерінде қаншалықты көрініс тапқандығына қарамастан.
3. Егер осы Жарғының қандай бір ережесі жарамсыз болатын болса, ол басқа ережелерге қатысты болмайды. Жарғының жарамсыз ережесі заңдық тұрғыда шартты болып саналады және тиісті қатынасты реттеуші болып танылады.

Басқарма Төрағасы



Сейлханов Бауржан Эділбекұлы

*Сейлханов Бауржан Эділбекұлы*

**Утверждён**  
решением единственного акционера  
АО "Организация, осуществляющая  
инвестиционное управление пенсионными  
активами "Жетысу"  
(решение единственного акционера  
от 16 мая 2012 года № 1)

**УСТАВ**  
**акционерного общества**  
**"Организация, осуществляющая**  
**инвестиционное управление**  
**пенсионными активами**  
**"Жетысу"**

---

---

Республика Казахстан, г. Алматы  
2012 год

Настоящий Устав разработан в новой редакции в соответствии с законодательством Республики Казахстан, является документом, определяющим правовой статус акционерного общества "Организация, осуществляющая инвестиционное управление пенсионными активами "Жетысу" (далее – "Общество"), и заменяет собой устав Общества, утвержденный решением общего собрания его акционеров от 16 мая 2007 года (протокол № 1/2007) и включающий в себя изменение, которое утверждено решением общего собрания акционеров Общества от 27 июля 2009 года (протокол № 2).

## **Раздел 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

### **Статья 1. Наименования Общества**

1. Полное наименование Общества:
  - 1) на казахском языке – "Жетісу" зейнетақылық активтермен инвестициялық басқаруды жузеге асыратын үйым" акционерлік қоғамы;
  - 2) на русском языке – акционерное общество "Организация, осуществляющая инвестиционное управление пенсионными активами "Жетысу";
  - 3) на английском языке – "Zhetsu" Pension Assets Investment Management Organization, Joint-Stock Company.
2. Сокращенное наименование Общества:
  - 1) на казахском языке:  
"Жетісу" зейнетақылық активтермен инвестициялық басқаруды жузеге асыратын үйым" АҚ; или  
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ; АҚ; или  
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ;
  - 2) на русском языке:  
АО "Организация, осуществляющая инвестиционное управление пенсионными активами "Жетысу"; или  
АО "ООИУПА "Жетысу"; или  
ООИУПА "Жетысу".

**Статья 2. Место нахождения исполнительного органа Общества.**

**Корпоративный веб-сайт Общества.**

**Срок деятельности Общества**

1. Место нахождения исполнительного органа Общества – Республика Казахстан, 050008, город Алматы, проспект Абая, 115 а.
2. Общество имеет корпоративный веб-сайт, который предназначен для раскрытия информации об Обществе и его деятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом. Адрес корпоративного веб-сайта Общества – [www.zhetysu.kz](http://www.zhetysu.kz).
3. Общество создано без ограничения срока его деятельности.

**Статья 3. Правовой статус Общества. Реквизиты Общества**

1. Общество является юридическим лицом в организационно-правовой форме акционерного общества в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

